



ӘОЖ 821.512.122-31:81'37
ҒТАХР 17.82.31; 16.21.27
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).9

¹Нуркадырова Ж.Д., ²Тоқтыманова Ғ.М., ³Ноғайбаева Ж.А.,
²Қалдарбек А.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
²Мұхамеджан Тынышпаев атындағы АЛТ университеті, Алматы, Қазақстан
³Каспий университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: g.toktyman@gmail.com, Asemerikovna85@gmail.com, aynur_kaldarbekovna@mail.ru,
kuralay.zhailaubayeva@narxoz.kz

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ “АЛАСАПЫРАН” РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің қас шебері Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” романындағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі зерттеледі. Тарихи роман әр халықтың өткенін сараптап, болашағына көпір салатын ұлы жол тәрізді. Әлем халқының ұлттық құндылықтары әдебиет арқылы, тарихи романдар арқылы қайта жаңғырып, ұлт мұрасының өскелең ұрпаққа саф күйінде жетуіне тікелей мұрындық болып келеді. Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” романы терең зерттеуді қажет ететін терең тынысты туынды.

Зерттеу барысында көркем мәтіндегі көнерген сөздер, мақал-мәтелдердегі ұлттық сана мен дәстүрлі құндылықтарды бейнелеудегі тың тәсілдері айшықталады. Романдағы тілдік бірліктер арқылы қазақ халқының тарихи жады, дүниені қабылдау ерекшелігі, әлеуметтік иерархиясы, билік пен ерлік ұғымдары, салт-дәстүр мен рухани құндылықтары көрініс табатыны көрсетіледі. Сонымен қатар автордың тілдік таңдауындағы стильдік ерекшеліктер мен семантикалық қабаттар ұлттық дүниетанымның көркемдік моделін қалыптастырудағы маңызды фактор ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері «Аласапыран» романының қазақ әдебиетіндегі тарихи сананы жаңғыртушы, ұлттық рухты танытушы көркем туынды ретіндегі маңызын айқындайды.

Кілт сөздер: ұлттық дүниетаным, тілдік көрініс, тарихи роман, көнерген сөздер, мақал-мәтелдер.

Kipicne

Қазақтың классик жазушысы, қабырғалы қаламгері, ұлттың шынайы жанашыры Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” романы күллі қазақ халқының тобылғының берегіндей берік ұстыны. Екі бөлімнен, он тоғыз тараудан тұратын романның ішкі мазмұны XVI-XVII ғасырдағы қазақ халқының саяси ахуалын жан-жақты сипаттаумен қатар, ұлттық дүниетанымның негізгі өзегін айқындап, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сипаттайды. Қазақтың құнарлы да шұрайлы тілімен жазылған романның негізгі идеясы ұлттық сана мен рухани тұтастық, ұлт бірегейлігі мен сын сағатта ұлтты сақтап қалатын рухани күштің айқын көрінісі.

Классик жазушы Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” романындағы тарихи лексикалары мен этномәдени атаулар, көркем метафоралар мен ұлттық таным, көнерген сөздер мен тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тілдік иерархия мен параллель құрылымдары айқын сипатталады. Романның оралымды да ырғақты тілмен жазылған мәтіндегі архаикалық синтаксис пен баяндау стилі туындының маңызы мен мәнін арттыра түседі [1]. “Аласапыран” романындағы ұлттық дүниетаным концептуалдық һәм дискурстық деңгейде көркем бейнеленген. Көне шешендік дәстүрдің озық үлгісін айқын көрсеткен романның зерттеу тақырыптары да ұшан-теңіз.

Zertteу әдісі

Берілген мақалада зерттеу нысанын жан-жақты ашу мақсатында сипаттамалы және этнолингвистикалық талдау әдістері кешенді түрде қолданылады. Сипаттамалы талдау арқылы көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің құрылымдық, мағыналық және функционалдық ерекшеліктері айқындалып, олардың мәтін ішіндегі қолданыс аясы жүйелі түрде сипатталады. Ал этнолингвистикалық талдау әдісі роман тілінде көрініс тапқан ұлттық дүниетаным, дәстүрлі таным-түсінік, мәдени кодтар мен этномәдени ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында романдағы ұлттық дүниетаным ұғымы тілдік деректер негізінде сараланып, лексика-семантикалық, фразеологиялық және символдық бірліктер арқылы жүйеленеді. Бұл тілдік бірліктердің прагматикалық қызметі, яғни авторлық идеяны жеткізудегі,



кейіпкерлер бейнесін ашудағы және ұлттық болмысты танытудағы рөлі нақты мысалдар арқылы талданады. Нәтижесінде көркем мәтіндегі тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы айқындалып, ұлттық дүниетанымның көркемдік-танымдық қырлары ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Зерттеулер мен нәтижелер

Екі ғасыр бұрын тарих ғылымының соны жетістіктері еуропалық қоғам мен жазушы қауымның ерекше назарында болды. Римнің ежелгі қалалары мен мәдениеті, тарихи мәні зор оқиғалар жазушылар қауымының қызығушылығын тудырып, әлемнің үздік тарихи романдарының жазылуына ерекше әсер етті. Өткен тарихи оқиғалар жазудың негізгі тақырыбына айнала бастады. Бұл өз кезегінде «Археологиялық» роман деп аталды. Этнография мен топографиялық дәлдік тарихи шығармаларда кең орын алды. Классицизм стилінде жазылған «тарихи ландшафт» деген терминге ие тарихи туындылар оқырман қауымының сұранысын арттырды. Тарихи романның бұл атасы тарихи тың деректерді ұсынуға, жазу стилін шебер пайдалануға баса назар аударды. Бірақ, бір байқағанымыз, мұндай романдарда тарихи деректер толық келтірілмеген, алайда сюжеті жақсы бейнеленген. Мұндағы негізгі ерекшелік - тарихи деректерді тиімді және көрнекі түрде дұрыс таңдау болды. Тіпті 19 ғасырдың басында да тарихи романдардың басты кейіпкерлері тарихи тұрғыдан танымал тұлғалар болған шығарма болып саналды. Бірақ бұл тарихи сюжеттерде тарихи шындық байқалмады. Демек, мұндай романдардың тарихи маңызы оларға тарихи тұрғыдан танымал тұлғалардың қосылуымен және олардың көркемдік орналасуымен анықталды [2]. Кейінірек бұл біржақты көзқарасқа дұрыс тұжырымдама жасалды. Жеке тарихи тұлғалар тарихты жандандыруға тікелей қатысады, бірақ тарих жеке тұлғаның жеке немесе саяси өмірбаяны емес, дегенмен олардың өмірбаяны тарих тұрғысынан толық оқылады; тарихилық сезімі өткеннен белгілі адамды өнер туындысына енгізу арқылы емес, сол дәуірді көркемдік тұрғыдан түсіну арқылы жүзеге асады; бірақ бұл көзқарас салыстырмалы түрде кейінірек дамыды. Сол кезеңдегі тарихнамаға тарихи оқиғалардың теориясы қатты әсер етті, демек, романның негізгі қозғаушы күші оқиғаның күтпеген сипатына дейін төмендеді. Негізгі қақтығыс кездейсоқтықты тудырды, романның интригасы «соқыр» кездейсоқтыққа және «жұмбақ» оқиғаларға негізделген. Яғни, ол кездің тарихи романдарының сюжетінде еуропалық дәстүр бойынша революция, бай мен кедей тартысы, қос ғашықтың махаббаты, әділет үшін күрес сипатталды. Бұл «археологиялық» романның негізгі композициялық және идеологиялық әдісі болды. Тек Вальтер Скотт қана өзінің шығармашылық бағытын әлеуметтік күштерді ашуға, олардың қарама-қарсы жолдарын көрсетуге аударды. В. Скоттың өмірбаяншыларының «Уэверли» мен «Айвенго» авторының өз заманының ғылыми тарихнамасымен таныс және оған қызығушылық танытқандығы туралы бірнеше рет айтқанына қарамастан, бұл факт тарихи романның пайда болу себептерін ашудың кілті емес. В. Скотт өзінің көркем шығармашылығын осы ғылыми трактаттарға негіздемеді. Жаңаша бағыт ұсынды. Нәтижесінде ұлы жазушы болды. Ғылымға деген қызығушылық пен сол кездегі тарихи қызығушылықтың бір мезгілде пайда болуы В. Скоттың дұрыс тарихи тұжырымдамасының қалыптасуына рөл атқарды. Сонымен қатар, жазушының көркемдік көзқарасы, сөзсіз, шындықты тікелей қабылдауға, халықтың өткен және қазіргі өмірін тарихи тұрғыдан суреттеуге бағытталған. Демек, В. Скоттың тарихи объективизмі шындықты тікелей қабылдау мен зерттеуден туындады. Себебі, бұған оның алдында болған маңызды саяси оқиғалар, атап айтқанда, Наполеон Бонапарттың көтерілуі үлкен ықпал етті. Мысалы, Наполеонның жойқын сұрапыл соғыстары халықтың арасында ұлттық сезім мен ұлттық рухтың қайта жандануына септігін тигізіп, дәуірлік жаңғыруға алып келді. Халыққа, бүкіл ұлтқа тек Францияда ғана емес, әлем бойынша өз тарихын сезіну және түсіну мүмкіндігі туды. Ұлттық сезімнің шуақты толқындары барлық жағалауларда Наполеонның қатыбастығына қарсы соққы, ұлттық қарсылыққа деген аңсау ретінде пайда болды. Ұлттық тәуелсіздік рухының биік көрінісі, жауынгерлік рухтағы патриоттық өсиетнамаға айналды. Испан халқы мұны қасиетті парыз деп санады. Көптеген елдерде ұлттық-прогрессивті қозғалыстарының қуатты орталықтары пайда болды. Ирландия халқының Англияға қарсы ұзаққа созылған көтерілісі (1798-1803) қанды азаматтық қақтығыстарға ұласып, В. Скоттың тарихи туындысының негізгі сюжетіне айналды. Польшаның ұлттық тәуелсіздік үшін көтерілістері де әділ және революциялық бағытта болды. Ғасырлар бойы жаулары түріктерге қарсы әрекет етті, Грек патриоттарының Италияда шыдамы таусылған еді, австриялық оккупанттар қысымға алды. 1820 жылы Неаполь мен Пьемонтта итальяндық карбонари бастаған революция басталды. Бұл Испания революциясының тікелей жаңғырығы болды, мұндай тарихи кезеңде ұлттық элемент бір жағынан әлеуметтік реформа мәселелерімен байланысты, ал екінші жағынан, әрбір халықтың тарихы әлем тарихының тек бір бөлігі ғана деген сана кеңірек шеңберлерге таралады. Осыған байланысты тарихи романның шығу тегі әрқашан, әр елде және әр кезеңде ұлттық ұмтылыстар мен санадан нәр алғанын айту керек. Тарихи роман, белгілі бір мағынада, осы негізде пайда болды. Сондықтан, тарихи романның генетикасына, шығу тарихына жүгінгенде, бұл жанрдың пайда болуы үшін сыни дәуір деп аталатын кезең қажет болғанын және ұлттық, әлеуметтік мазмұнға бай осындай шиеленіскен уақытты шығарманың тақырыптық және мазмұндық тақырыбы ретінде таңдау керек



болғанын ескеруіміз керек. Мәселе мынада, дәуір рухын білдіретін элеуметтік қақтығыстар неғұрлым өткір және толық ашылған сайын, тарихи процесс, тарихтың қозғаушы күштері соғұрлым тереңірек айқындалатын болады. Сондықтан тарихи романның мақсаты дәуірлік қайшылықтарды бақылау немесе күшейту және оларға ұлттық тыныс беру болды. Ал қазақтың ғажап жазушысы Мұхтар Мағауин қазақ халқының тарихи жадын қайта жаңғыртып, өткенге тіл бітіреді. Көрнекті тұлғалардың тарихи шындығын көркем тілмен, үшқыр оймен дәл беріп, ұлттық дүниетанымның озық үлгісін тарихи роман арқылы көрсетеді. “Аласапыран” романындағы ұлттық дүниетанымның басты сипаты қанды қақтығыстар, ұлт үшін күрес, хандар тартысы, ерлік пен өрлік болды. Бұл романға көркемдікке толы реңк берген көнерген сөздер мен мақал-мәтелдер болды. Аталмыш романдағы көнерген сөздер номинативтік, аксиологиялық және концептуалдық қызметтерді атқарады. Яғни, ұлттық сананың ментальді моделін менмұндалайды. Сонымен қатар, ұлттық тарихи жақты қайта жаңғыртып, ұлт санасындағы дәуірлік когнитивті модельді қайта қалыптастырады. Мәселен, “**Жиырма жылда оналдың, қырық жылда қайтадан қара нор қол құрадың, өшкенің жанды, бірақ өлгенің - тірілгені қане?**” [3] деген сөйлемде “қара нор қол” ұғымы сонау орта ғасырларға жол тартады. Көнерген сөздің негізгі лексикалық анықтамасы берік жауынгерлік сауыт киген қарулы жасақ деген мағынаға ие. “**Дағдарғаны: хан - жас, жиырма алтыға жаңа шықты; қалға сайлауға неге асығады - шыны ма, сыны ма?! Сыны болса, ниеті неде? Шыны болса, ойы кімде**” [3] дейді жазушы. Мұндағы “қалға сайлау” қазақ халқының дәстүрлі саяси жүйесіндегі хан мұрагерін бекіту болып саналады. “**Тәуекел сұлтан хан ием қарауындағы бес-ақ мың қолымен жиырма мың жауға қарсы соғысқанда ертауыл мындықтың басында кім шауып еді**” [3] деген сөйлемде “ертауыл” көнерген сөзінің мағынасы алдыңғы шепте жедел әрекетке көшетін барлаушы жасақ болып есептеледі. “**Кез оқтың өзі неше түрлі: көбебұзар, әндіген, қозы-жауырын, қасалы, ысқырма**” [3].

Қалқан жебесі	Мақсаты	Сипаты	Қолданылуы
	- Қорғанысты бұзу	- Үшкір, жалпақ темір ұш	- Қалқанды тесетін оқ
	- Жеңіл нысанаға атқылау	- Жіңішке, жеңіл ұш	- Етке бататын оқ
	- Ауыр жарақат салу	- Қанқаушті, сүйір	- Тұзақтырғыш оқ
	- Дыбыспен белгі беру	- Қуыс, ысқырғыш бас	- Қорқытып үркіту
	- Топты талқандау	- Төртқырлы, шашырандылы	- Бірлікті бұзатын оқ
	- Құтпия тосқауылдау	- Ұшы ұзын, сүйір	- Қашықтан атытын оқ

1-сурет. “Аласапыран” романындағы жебелер түрі.

1-суретке назар аударсақ, әйгілі романда “көбебұзар”, “әндіген”, “қозы-жауырын”, “қасалы”, “ысқырма” атты жебе түрлері сипатталған. Көбебұзар - шағын ұштары бар, шашылғыш жебе болса, әндіген - алыс қашықтыққа ұшатын жеңіл жебе болып саналады. Ал қозы-жауырын - қарапайым темір ұшы бар жебе болса, қасалы - қырлы, өткір ұшы бар жебе болып келеді [4].

“**Аңсағай, шымыр, қысқа мойын аттар бірыңғай көк кезімді. Жорық пен соғыс күндерінен бір айырма - аламандар ұзын найза, дөңгелек қалқансыз, аттар көн құярсыз**”. Жазушының аталмыш туындысында аттың бейнесі ерекше мәнге ие. Айбыны сесті, айдыны күшті көшпенді бабаларымыз атқа мініп, берен сауыт асынып, найза өңгеріп, кірмембес шерікке қасқайып қарсы тұрған. М.Мағауин шайқасты суреттегенде батырлардың сыртқы сауыт-саймандары, қару-жарақтарымен қатар, тұлпар аттарын да суреттеген. “Аңсағай” сөзі ұзақ шабысқа төзімді, “ертеден шапса, кешке озған, ылдидан салса, төске озған” тұлпар деген мағынаны береді. “Кезім” деген шашақталып жасалған аттың жабуы. Алайда ерте замандарда бұл ұғым “тері сауыт” деген мағынаны берді. Яғни, жаугершілік замандарда қорғаныс



ретінде пайдаланылған. Содан “көбе кезім”, “берен кезім”, “кіреуе кезім” деген кезім түрлері қалыптасқан.

Жазушының төл туындысы тұнып тұрған тұрақты сөз тіркестерінен, мақал-мәтелдер мен көнерген сөздерден тұрады. Мәселен, “Қараның қыбын табу - ханның парызы, елдің еркіне жығылу - бектің парызы”, “Қысыр кеңес қыр асырмайды”, “Би екеу болса, дау төртеу болады” деген мақал-мәтелдердің мағынасы өте терең. Жазушы ғасырларды кері шегеріп, хан мен қараның, батыр мен баһадүрдің бейнесін суреттеп, көркем тілмен көркейтіп береді [5]. “Аласапыран” романындағы тарихи жады мен ұлттық сананың тереңдігі, елдік пен ерлік ұғымының асақтығы, ұлт тағдырының сонау беймәлім тұстары мен дәстүр-салттың озық үлгісі ерекше паш етіледі. Тілдің көркемдігі, ойдың ұшқырлығы, жазушының жазу стилінің өзгешелігі, ұлттық дүниетаным мен ұлттық рухты романның әр оқиғасына тамызық еткен ұлы туындының зерттелетін тақырыптары көп.

Аталмыш мақалада романда берілген ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісінің бірнеше деңгейі сарапталды. Мәселен, көнерген сөздер мен тарихи лексика арқылы қазақ халқының әлеуметтік құрылымы, әскери жүйесі мен басқару әдістері ерекше бейнеленеді. Аталмыш тілдік бірліктер ұлттық тарихи жақтың қайта жаңғыруына сеп болып келеді. Яғни, өткен дәуірдің рухани тұтастығын нығайтып, саф күйінде жеткізеді. Екіншіден, мақал-мәтелдер романда ұлт парасатының биіктігін, таным жүйесінің кеңдігін менмұндайды. Сонымен қатар, романдағы кейіпкерлердің ойлау жүйесі, моральдық-этикалық ұстанымдары, өмірлік философиялары айқындалады [6]. Мақал-мәтелдер арқылы халықтық даналық пен ұжымдық сана көркем мәтіннің ішкі мазмұнын тереңдете түседі. Үшіншіден, **семантикалық қабаттар мен авторлық стиль** ұлттық дүниетанымның көркемдік моделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жазушының сөз таңдауындағы дәлдік, бейнелі тіл, экспрессивті-эмоционалдық реңктер ұлттық болмысты эстетикалық деңгейде танытады [7]. Әсіресе ерлік, елдік, намыс, тәуелсіздік ұғымдары тілдік құралдар арқылы концептуалдық мәнге ие болады. Зерттеу нәтижелері «Аласапыран» романының ұлттық дүниетанымды тек тарихи дерек ретінде емес, тіл арқылы берілген рухани-мәдени жүйе ретінде танытатынын көрсетті. Роман мәтіндегі тілдік бірліктер қазақ халқының әлемді тану үлгісін, құндылықтар жүйесін және тарихи санасын [8] кешенді түрде бейнелейді. Бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух пен тарихи жақты жаңғыртатын іргелі көркем туынды екендігін дәлелдейді.

Қорытынды

Мұхтар Мағауин қазақ халқының классик жазушысы. Жазушының әр туындысында ұлттық құндылықтарды тереңнен насихатталып, ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі айқындалады. Жүргізілген зерттеу Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романы қазақ халқының ұлттық дүниетанымын тілдік құралдар арқылы терең әрі кешенді түрде бейнелейтін көркем туынды екенін дәлелдеді. Роман мәтіндегі лексика-семантикалық бірліктер, көнерген сөздер, тарихи атаулар, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер ұлттық сананың, тарихи жақтың және дәстүрлі құндылықтар жүйесінің көрінісі ретінде қызмет атқарады. Зерттеу нәтижелері романда ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентациясы әлеуметтік құрылым, билік пен ерлік концептілері, салт-дәстүр және рухани құндылықтар арқылы жүйелі түрде жүзеге асатынын көрсетті. Автордың көркем тілге тән стильдік ерекшеліктері мен семантикалық қабаттарды ұтымды пайдалануы тарихи кезеңнің рухын қалпына келтіріп қана қоймай, ұлттық болмысты эстетикалық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Аласапыран» романындағы тілдік бірліктер ұлттық дүниетанымды динамикалық құбылыс ретінде танытып, ұлттың өткені мен бүгінгі арасындағы рухани, мәдени, танымдық сабақтастықты қалыптастыруда ерекше орынға ие. Аталмыш тың туынды ұлттық тарихи сананы жаңғыртуда жетекші рөлге ие. Сондай-ақ, ұлттық рухты көтерудің, тіл арқылы ұлт мирасын, мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің төте жолы екенін айқындай түседі. Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романы ұлттық дүниетанымды тілдік деңгейде бейнелеудің озық үлгісі екені зерттеледі.

**Nurkadyrova Zh.D., Toktymanova G.M., Nogaibayeva Zh.A.,
Kaldarbek A.**

LINGUISTIC REPRESENTATION OF NATIONAL WORLDVIEW IN MUKHTAR MAGAUIN'S NOVEL “ALASPAPYRAN”

Annotation. This article examines the linguistic picture of the national worldview in the novel "Alasapyran" by the master of Kazakh literature Mukhtar Magauin. A historical novel is like a Great Road along which every nation explores its past and builds bridges to its future. The national values of the people of the world are being revived through literature, through historical novels and are a direct precursor of the national heritage for the younger generation. Mukhtar Magauin's novel "Alasapyran" is a work of deep breathing that requires deep study.



The research reveals the main approaches to the depiction of national consciousness and traditional values in the literary text, proverbs and sayings. Through linguistic units, the novel reflects the historical memory of the Kazakh people, the specifics of the perception of the world, social hierarchy, concepts of power and courage, traditions and spiritual values. At the same time, stylistic features and semantic layers in the author's linguistic choice are considered as the most important factor in the formation of the artistic model of the national worldview. The results of the study determine the importance of the novel as a work of art reproducing historical consciousness, expressing the national spirit in Kazakh literature.

Keywords: national worldview, linguistic picture, historical novel, folk sayings, proverbs and sayings.

Нуркадырова Ж.Д., Токтыманова Ғ.М., Ногайбаева Ж.А.,
Калдарбек А.

ЯЗЫКОВОЕ ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ В РОМАНЕ МУХТАРА МАГАУИНА «АЛАСАПЫРАН»

Аннотация. В этой статье исследуется языковая картина национального мировоззрения в романе мастера казахской литературы Мухтара Магауина "Аласапыран". Исторический роман подобен Великой дороге, по которой каждый народ исследует свое прошлое и строит мосты к своему будущему. Национальные ценности народа мира возрождаются через литературу, через исторические романы и являются прямым предшественником национального наследия для подрастающего поколения. Роман Мухтара Магауина "Аласапыран" - произведение глубокого дыхания, требующее глубокого изучения.

В ходе исследования раскрываются основные подходы к изображению национального сознания и традиционных ценностей в художественном тексте, пословицах и поговорках. Через языковые единицы в романе отражаются историческая память казахского народа, специфика восприятия мира, социальная иерархия, понятия власти и мужества, традиции и духовные ценности. Вместе с тем стилиевые особенности и смысловые слои в языковом выборе автора рассматриваются как важнейший фактор в формировании художественной модели национального мировоззрения. Результаты исследования определяют значение романа, как художественного произведения, воспроизводящего историческое сознание, выражающего национальный дух в казахской литературе.

Ключевые слова: национальное мировоззрение, языковая картина, исторический роман, народные поговорки, пословицы и поговорки.

ӘДЕБИЕТ

[1] Telgaraeva, L. B., & Mussaly, L. Z. (2019). М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті феномендердің ерекшелігі. *Bulletin of the Karaganda university. Philology series*, 94(2), 27-33. <https://rep.ksu.kz/handle/data/7849>

[2] Мухамадиева, С. С. (2021). " АЛАСАПЫРАН" РОМАНЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДІК РЕАЛИЙЛЕРДІҢ ҚЫЗЫМЕТІ. *Евразийский Союз Ученых*, (3-5 (84)), 34-37. <https://cyberleninka.ru/article/n/alasapyran-romanynnda-y-antropnimdik-realiylerdi-yzumeti>

[3] Yusup, P. K. (2012). М. Мағауиннің «әдепкі әңгімелер» циклі. Цикл «обычных рассказов» М. Магауина. *Вестник КазНУ. Серия филологическая*, 139(5-6). <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1287/1242>

[4] Минералова, И., Нурғали, К., Тулғабекова, А., & Токсанова, С. (2025). ДОКУМЕНТАЛЬНОЕ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ В РУССКИХ И КАЗАХСКИХ ПОВЕСТЯХ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XX ВЕКА. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series*, (1), 233-246.

[5] Хамзина, К. М., & Егизгельдинов, Р. С. (2019). МҰХТАР МАҒАУИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БЕЙНЕСІ. In *КУЛЬТУРОЛОГИЯ, ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ И ФИЛОЛОГИЯ: СОВРЕМЕННЫЕ ВЗГЛЯДЫ И НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ* (pp. 130-133)

[6] Сейсембай, Т. Т., & Сейсембай, Г. А. (2015). Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі. *ҚМПИ Жаршысы*, (1), 85-92.

[7] https://www.google.com/url?q=https://massaget.kz/uy_tapsyirmasyi/alasapyiran-tarihi-roman-ekendg-onyin-janrlyik-sipaty--27657/amp/&sa=U&sqi=2&ved=2ahUKEwiQwLSfuiKRAxUCORAIHVWxAgYQFnoECCIQAQ&usg=AOvVaw0FAMkxPmGkji4K0L6TEszH

[8] <https://www.google.com/url?q=https://egemen.kz/amp/article/1619-klassik-nemese-mukhtar-maghauinninh-manhgilik->



kuyi&sa=U&sqi=2&ved=2ahUKEwiQwLSfiuKRAxUCORAIHVWxAgYQFnoECGgQAQ&usg=AOvVaw3Pb
c4loBnbE-_ZsHrJPr6H

REFERENCES

- [1] Telgaraeva, L. B., & Mussaly, L. Z. (2019). M. Magauinniñ «Alasapyran» romanındaǵy precedentti fenomen-derdiñ erekşeligi. *Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, 94(2), 27–33.
- [2] Mukhamadieva, S. S. (2021). «Alasapyran» romanındaǵy antroponimdik realiilerdiñ qyzmeti. *Evraziiskii Soiuz Uchenykh*, (3–5(84)), 34–37.
- [3] Yusup, P. K. (2012). M. Magauinniñ «ädepki äñgimeler» cikli. Cikli «obychnyh rasskazov» M. Magauina. *Vestnik KazNU. Filologialyq seriia*, 139(5–6).
- [4] Mineralova, I., Nurgali, K., Tulgabekova, A., & Toksanova, S. (2025). Dokumental’noe i khudozhestvennoe v russkikh i kazakhskikh povest’iakh vtoroi poloviny XX veka. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series*, (1), 233–246.
- [5] Hamzina, K. M., & Egizgeldinov, R. S. (2019). Mukhtar Magauin shyǵarmashylyǵynyñ beinesi. *Kul’turologiia, iskusstvovedenie i filologii: sovremennye vzgliady i nauchnye issledovaniia*, 130–133.
- [6] Seisembai, T. T., & Seisembai, G. A. (2015). Täuelsizdik jyldaryndaǵy qazaq äñgimeleriniñ körkemdik erekşeligi. *QMPI Jarshysy*, (1), 85–92.
- [7] https://www.google.com/url?q=https://massaget.kz/uy_tapsyirmasyi/alasapyran-tarihi-roman-ekendg-onyin-janrlyik-sipaty--27657/amp/
- [8] <https://www.google.com/url?q=https://egemen.kz/amp/article/1619-klassik-nemese-mukhtar-magauinninh-manhgilik-kuyi>